

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КМҚК**

БЕКІТЕМІН

**«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы»
КМҚМ директоры**

Б.Х.Абдикерова

2023 ж.



**«МЕЙІРІМ» АНАЛАР МЕКТЕБІ
ЖОБАСЫ**

«МЕЙІРІМ» АНАЛАР МЕКТЕБІ ЖОБАСЫ

ҚҰРЫЛЫМЫ	МАЗМҰНЫ
Жоба атауы	«Мейірім» аналар мектебі
Жоба үйлестірушісі	Абдикерова Бакиткул Хималдиновна, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры
Жобаны ұйымдастырушы	«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК
Жобаны әзірлеуші	<ul style="list-style-type: none"> - Рахметова Салтанат Бейбитовна, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК әдіскері; - Казиева Ансаған Алпысбаевна, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК бөлім меңгерушісі.
Арнайы жобаның мақсатты аудиториясы	Педагогтер, ата-аналар, 1-11 сынып оқушылары
Жобаның типтік ерекшеліктері	<ul style="list-style-type: none"> - қатысушылар саны бойынша: топтық - ұзақтығы бойынша, ұзақ мерзімді - бейінділігі бойынша: монопроект - үйлестіру сипаты бойынша: ашық - байланыс деңгейі бойынша: облыстық
Жобаның өзектілігі	<p>Ананың қоғамда, отбасында алатын орны, атқарар рөлі ұшан - теңіз. Ана - ақылшы, тәрбиеші, үйдің береке – ырысы ғана емес, ол ел мен елді елдестіруші, араздықты бітістіруші, дәнекерлеуші, ол іскер, қаһарман. Әсіресе қазақ қоғамында аналардың алар орны ерекше болған. Сонау ерте замандардағы наным - сенімдердің түп - тамыры да Ана. Ата бабаларымыз аспанда Тәңірі, жерде Ұмай ана деп табынатын. Ұмай ана қамқоршы, жарылқаушы, демеуші, жанұя, отбасының пірі. Қыз баланы болашақ ана деп санаған дана халқымыз сыйлап, қастерлеген. Перзентінің тұңғышы қыз болғанда «ырыс алды қыз» деп, жақсы ырымға жорып қуанған. «Қыз үйдегі қонақ» деп тазаны кигізіп, дәмдіні жегізіп, үйдің оң жағынан төрінен орын беріп, аялаған. Алысты жақын, жатты жекжат етер, елмен елді таныстырып, табыстырар дәнекер көріп құрметтеген. Ендеше осынау құрметке лайықты аналарымыздың қазіргі қоғамдағы рөлі қандай?</p> <p>Қазіргі кезеңде аналардың бала тәрбиесіндегі орны қаншалықты маңызды деген сұрақтан білім беру ұйымдарында аналардың бала тәрбиесіндегі орнын айқындау.</p>
Жобаның мақсаты	Аналардың бала тәрбиелеудегі маңыздылығын арттыра отырып, отбасылық құндылықтарды сақтау.

<p>Жобаның негізгі міндеттері</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды нығайту және сақтау. - Аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру. - Балалардың бойына мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық, адалдылық, ізеттілік сияқты қасиеттерді позитивті аналар арқылы сіңіру. - Ана мен бала арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту.
<p>Күтілетін нәтиже</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды нығаяды. - Аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігінің мәні арта түседі. - Ана мен баланың ынтымақтастығы арқылы ар-ұят, ұлттық мүдде, талап құндылықтары қалыптасады. - Мектеп, ана, бала үштік одағы қалыптасады.
<p>Жобаны іске асыру тетіктері:</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері, ата-аналар комитеті, құқық қорғау және денсаулық сақтау органдары, медиация қызметі, психолог мамандары, жастар және қоғамдық ұйымымен серіктестікті кеңейту және нығайту, бірлескен жұмыстар жүргізу. - БАҚ-да қыз тәрбиесі мен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа қатысты іс-шараларды кеңінен насихаттау жұмыстарын жүргізу. - қыз балаларға арналған ұлттық тәрбиеден көрініс беретін заманауи бейнероликтер, подкасттар, әлеуметтік желіде челленджер, мақалалар мен танымдық посттарды жүйелі жариялау. - Білім беру ұйымдарының басылымдарында, газет-журналдардың бір бетін жүйелі түрде қыз балалардың жетістіктеріне арнау.
<p>Жобаны насихаттау жұмыстары</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Аналар мектебі жобасын жүзеге асыру барысы туралы ақпараттарды жергілікті, облыстық, республикалық БАҚ, әлеуметтік желілерге жариялануын қамтамасыз ету. - Қыз балалардың бойына қазақтың ұлттық әдеп-ғұрпы мен салт - дәстүрлерін сіңіре отырып, қол өнер, құрақ көрпе тігу, ас дайындап, тәттілер пісіру және іс-шаралар жөніндегі материалдарды орналастыру үшін ОӘО сайтында арнайы парақша ашу. - Білім беру ұйымдарында жобаны жүзеге асыру аясында атқарылған жұмыстарды сараптау. - Білім беру, мәдениет, денсаулық және т.б. саласының өнегелі аналарымен кездесу ұйымдастыру, сыр-сұхбаттар өткізу. - Бала тәрбиесіне арналған салт-дәстүр білгірлері, ұлттық құндылықты дәріптеп жүрген жандарды көпшілікке үлгі ретінде насихаттау.
<p>Іс-шаралар:</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Аналар Кеңесін құру, құрамын анықтау, бекіту, орындалатын жұмыстың бағытын анықтау. - «Білім беру, мәдениет, денсаулық және т.б. саласының үлгілі-өнегелі анарымен кездесулер, телемост ұйымдастыру. - «Отбасылық оқыту құндылықтары», «Ана-медиатор» тақырыптарында дөңгелек үстелдер, семинар, вебинар және т.б. ұйымдастыру.

	<ul style="list-style-type: none"> - «Қызым – қызғалдағым», «Қызым саған айтам» тақыбыптарында өнеге сағаттары. - Аналардың үлгі-өнегелерін дәріптеу мақсатында байқаулар, сайыстар, тренингтер, шеберлік сабақтар және т.б. өткізу. - «Анамның әңгімелері» тақырыбында буккросинг. - «Отбасындағы құқықтық тәрбие» тақырыбында іс-шара. - «Қызға қырық үйден тыйым», «Бала өз үйінде көргенді үйренеді», «Мен балалар құқықтарын қорғау жөніндегі Концепциясымен таныспын» тақырыптарында Q-talks, онлайн диалог алаңы. - «Отбасы-тәрбие көзі» тақырыбында форум өткізу. - Жазғы мектеп аясында «Ана тілінің құдіреті», «Сегіз қырлы, бір сырлы» шеберлік сыныптары.
<p>Жобаға енген пилоттық мектептер</p>	<ul style="list-style-type: none"> - «Ақпараттық технологиялар» ММЛИ» КММ - «Зияткер»ММЛИ» КММ - Қарағанды қаласының «М.Жұмабаев атындағы гимназия» КММ - Қарағанды қаласының «Қ.Нұржанов атындағы гимназиясы» КММ - Қарағанды қаласының «№86 жалпы білім беру мектебі» КММ - Балқаш қаласының «Ә.Бөкейхан атындағы №15 мектеп-лицейі» КММ - Теміртау қаласының «№4 жалпы білім беретін мектебі» КММ - Шахтинск қаласының «С.Сейфуллина атындағы мектеп-гимназиясы» КММ - Саран қаласының «№16 жалпы білім беретін мектебі» КММ - Приозерск қаласының «№2 жалпы білім беретін мектебі» КММ - Абай ауданының «П.Корниенко атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ - Ақтоғай ауданының «А.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО)» КММ - Бұқар жырау ауданының «Ботақара жалпы білім беру мектебі» КММ - Қарқаралы ауданының «М.Бәпиұлы атындағы №44 тірек мектебі (РО) жанындағы интернат» КММ - Нұра ауданының «А. Асубаев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ - Осакаровка ауданының №12 жалпы білім беретін мектебі» КММ - Шет ауданының «А.Ермеков атындағы НОМ» КММ
<p>Жобаны іске асыру кезеңдері</p>	<p>I. Дайындық кезеңі: ақпан-қыркүйек 2023ж. Жобаны жүзеге асыру шарттарын бағалау. Жобаны бағалау өлшемшарттарын әзірлеу. 1.1. «Мейірім» аналар мектебі жобасын әзірлеу, талқылау және бекіту.</p>

1.2. Жобаны іске асыру бойынша іс – шаралар жоспарын әзірлеу, бекіту.

1.3. Жобаға қатысушылар үшін іс-шаралар (вебинар, нетворкинг, шығармашылық кездесу кештері, тренингтер, шеберлік сағаттар және т.б.) өткізу.

1.4. Жобаны жүзеге асыру мониторингін өткізу.

II. Қалыптастырушы кезең: қыркүйек-желтоқсан 2023 ж, 2024-2025 оқу жылы.

Жобаны жүзеге асыру.

2.1. Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестері, ата-аналар комитеті, құқық қорғау және денсаулық сақтау органдары, медиация қызметі, психолог мамандары, жастар және қоғамдық ұйымымен серіктестікті кеңейту және нығайту, бірлескен жұмыстар жүргізу.

2.2. Білім беру ұйымдары «Мейірім» аналар мектебі жобасын жүзеге асыру жұмыстарының жүйелі түрде ұйымдастыруына қамтамасыз ету, қадағалау.

2.3. Жобаны іске асыру мониторингін жүргізу, сараптамалық талдау жасау.

2.4. Жобаны жүзеге асыру бағытында іс-шаралар (дөңгелек үстел, вебинар, нетворкинг, шығармашылық кездесу кештері, тренингтер, шеберлік сағаттар және т.б.) өткізу.

III. Қорытынды кезең: 2026 жылы

Жобаны жүзеге асыру нәтижелерін талдау.

3.1. Жобаны жүзеге асыру нәтижелерінің сапалық және сандық талдауы.

3.2. Жобаны жүзеге асыру аясында жүйелі тәрбие жұмыстарын жүргізген білім беру ұйымдарына сараптамалық талдау жүргізу.

3.3. Жобаны жүзеге асыру аясында жеткен жетістіктерін талдау, одан әрі жұмыс істеу перспективаларын анықтау.

3.4. Жоба аясында өткізілген іс-шаралар бойынша әдістемелік өнімдер шығару.